

Г.Б. Қозғамбаева*

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
(E-mail: gulnar.kozgambaeva@mail.ru)

Елордада өткен Дүниежүзі қазақтары құрылтайының тарихи маңызы (Үшінші, төртінші және бесінші Құрылтайлар)

Атамекенде шақырылған Дүниежүзі қазақтарының бес Құрылтайының қазақ халқы үшін орны ерекше, өйткені еліміз қазақсыз көркейіп, болашақта қадымдап қадам жасай алмайды. Қазақ елінде шақырылған әрбір Құрылтайлардың тарихи маңызы ерекше болып табылады. Мақалада тәуелсіз Қазақ елінің бас қаласы — Астанада өткен Дүниежүзі қазақтарының үш (III, IV, V) Құрылтайларында қазақ диаспорасына байланысты шешімін тапқан мәселелерге талдау жасалған. Ұлттың ұлы жиынына айналған Құрылтайларда әлемнің қырықтан астам елдерінде тұратын қазақ диаспорасының өкілдері қатысып, қандастарымызға байланысты көптеген өзекті мәселелер талқыланды. Өзінің қайнар бастауын, сонау 1992 жылдан алатын әлем қазақтарының Құрылтайлары жер шарының түкпір-түкпірінде тұратын этникалық қазақтардың іскерлік сұхбаты алаңына айналды. Құрылтай қазақ халқының мәдениетіне, тарихына және салт-дәстүрлеріне жаңаша тұрғыда қарауға, оны молайтуға мүмкіндік берді. Ол, сондай-ақ, біздің отандастарымыздың Қазақстанға өз еркімен қоныстануына үлкен жол салды. Осыдан отыз жыл бұрын шақырылған тұңғыш Құрылтай мәжілісінің шешімімен құрылған Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы әлемге тараған барша қазақтардың бас қосуына, бірігуіне көмек көрсетті. Қазақ диаспорасымен мәдени, рухани салада байланыс жасауда көптеген жұмыстар атқарды. Мақалада алға қойған басты мақсат қазақ диаспорасының басын біріктіріп Астана қаласында өткен құрылтайларда диаспораға байланысты шешімін тапқан мәселелерге және атамекенге оралған қандастарымызға сәйкес атқарылған жұмыстарға сараптама берілген. Елордада өткен үш Құрылтайда қазақ диаспорасы және елге оралған қандастарымызға байланысты мемлекет тарапынан атқарылып жатқан жұмыстары туралы кең көлемде мәліметтер берілді. Үшінші әлем қазақтары құрылтайы аясында өткен конференцияда шетелде тұратын қазақтардың атамекенге бастаған көші және оның төңірегі аясындағы мәселелерді шешу жолдары туралы айтылды. Сонымен қатар бірінші және екінші құрылтайларға қарағанда кейінгі елордада өткен үшінші жиынның ерекшелігіне талдау жасалды. Құрылтай мәжілісінде қабылданған қаулы, қарарлар негізінде шет елдегі қазақ диаспорасына байланысты атқарылып жатқан жұмыстар мен іс-шаралар және оның жүзеге асу мәселелері қамтылды.

Кілт сөздер: қазақ диаспорасы, құрылтай, Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, көші-қон, отандастар.

Kipicne

1991 жылы 16 желтоқсанда әлем картасында жас Қазақ елі пайда болды. Қазақ елін барша әлем елдері мойындап, қолдау көрсетті. Тәуелсіздік жолында көптеген ғасыр күрес жүргізіп, тағдырдың талқысына көп түскен Қазақ елі, қысқа мерзім ішінде санадан ұмытылып, жадыдан өшіп бара жатқан егеменді мемлекеттілігін жаңғыртып, болашаққа қадам басты. Атамекеннен жырақта жүріп, өзге елді мекендеген бауырларымыздың басын қосып, ұлттық мүдде, бірлік төңірегінде табысу үлкен арман болатын. Қазақ халқының бір бөлігі кезінде тарихи Отанынан еріксіз айырылуға мәжбүр болды және жат елді мекендеп, өзінің тарихи отанынан жырақ кетіп, жаңа мекенде өмір сүріп, сол елге бейімделуге тура келді. Бұларға туған-туысқандары мен алыс-жақын жекжат-жұрағаттарының қолдауына мүмкіндігі болмай, бөтен тілге, өзге ұлттардың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына, жат елдің өмір сүру салтына, ерекше табиғи-климаттық жағдайларына бейімделуге еріксіз мәжбүр болды. Олар көршілес Орталық Азия республикаларын (Өзбекстан, Түркіменстан, Қырғызстан, Тәжікстан), сонымен қатар Ресей Федерациясын, Моңғолияны, Қытайды, Ауғанстанды, Иранды, Пәкістанды, Түркияны, Сауд Арабиясын, Еуропаны және т.б. елдерді паналауға мәжбүр болды. Қазақ диаспорасының өкілдері өздерінің балаларына, немере-шөберелеріне кіндік қаны тамған Атамекені — Қазақстанды ұмытпай, қайтып баруды аманаттаған. Шетелдегі қандастарымыздың бірнеше ұрпағының ұзақ күткен осы арманы Қазақстан өз егемендігін алған соң жүзеге асты. Бұл мақсатқа тәуелсіздіктің арқасында ғана қол жеткізіп, 1992 жылы шақырылған Құрылтайға барлық елдердегі қазақ диаспорасының өкіл-

*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: gulnar.kozgambaeva@mail.ru

дері қатысып, жүздесті. Атамекеннен тыс жерде өмір сүріп отырған қандастарымыз өз еліне орала бастады. Шет елде тұрып жатқан қазақ диаспорасы көш басын атамекенге бұрды.

Жоғарыда көрсетілген мәселелер зерттеу тақырыбымыздың өзектілігін ашады және өткен тарихымызды ғана емес, сонымен қатар, шетелдегі қазақ диаспорасының дамуын, отандастарымыздың қазіргі жағдайын және олар тұрып жатқан елдегі күрделі этникалық, этномәдени үдерістерді зерделеуді талап етеді. Елордамызда өткен Құрылтайда қазақ диаспорасының болашағына байланысты қаралған мәселелер бүгінде өзекті болып табылады. Құрылтай шетелдегі қазақ диаспорасының қазақ еліне көшіп келуге деген назарын аударды.

Әлем қазақтарының құрылтайларында қаралған мәселелерді мемлекет тарапынан жүзеге асырылып, алыс–жақын шетелдегі 5 млн қазақ диаспорасының этникалық репатриациясына қатысты саликалы саясаты оларға өз тарихи отанында тұрақты тұруға және толық құқылы азаматына айналуына және өскелең ұрпаққа ұлттық мәдениетін, тілін, дәстүрін және бірегейлігін сақтап қалуға жол ашты. Шетелдегі қазақ диаспорасының біртұтастығын сақтау мақсатында кіші Құрылтайлар Моңғолия, Түркия, Орталық Азия, Мәскеу, Астрахань, Орынбор, Омбы, Самара, Түмен, Челябин, Қорған, Алтай Республикасы және Еуропаның бірқатар қалаларында өтті.

Елордада өткен Құрылтайларда алыс–жақын шетелден келген қазақ диаспора өкілдері мен республикадан қатысқан делегаттардың жасаған баяндамаларында қандастарымыздың бүгінгі мен болашағына қатысты ең өзекті мәселелер ортаға салынды. Қазақстан тарапынан жасалуға тиіс қолдау-қамқорлықтардың бәрін бір жүйеге түсіріп, нақтылады. Мақалада Т. Мамашев, Б. Уатқан, Т. Дәулетов, Т. Сапаралы және тағы басқа еңбектер мен зерттеулер, конференция материалдары бойынша Құрылтайлардың шақырылуы, ұйымдастырылуы, өтуі, шет елдегі этникалық қазақтардың өзекті мәселелерін шешу жолдары қарастырылды. Қауымдастықтың жұмыстары туралы кең көлемде мәліметтер берілді.

Методология және зерттеу әдістері

Зерттеудің негізгі ұстанымдары бірнеше әдістер арқылы сараланды. Астанада өткен үш құрылтайда қазақ диаспорасына байланысты қабылдаған шешімдер мен атқарылатын іс–шаралар және оның іске асуына байланысты зерттеушілердің еңбектерін қарастыру кезінде және оларды сараптай отырып, талдау жасау барысында, автор тарихи-салыстырмалы, тарихи объективтік, жүйелеу әдістерін пайдаланды. Тарих ғылымындағы диалектикалық тарихи даму заңдылықтары мен әлем тарихында қалыптасқан өркениеттік ұстанымдары негізге ала отырып жазылды. Мақалада пайдаланылған зерттеулер сыни тұрғыда қарастырылып, олардың шынайылығына сараптама жасалды.

Талқылау

Қазақ елі тарихындағы Алматыдан кейінгі елордамыз — Астана қаласында, республикамыздың қақ ортасында бой көтеруі ынтымақ-бірлігімізді арттырып, ұлттық рухымызды асқақтаты. Жаңа Елордада алғаш өткен әлем қазақтарының үшінші Құрылтайында отыз сегіз алыс және таяу шетелдердің мекендейтін қазақ диаспорасына шақырту жіберілген.

Астанада қабылданған елдің индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасы сұраныс пен ұсыныс нарығын қала аумағында ғана емес, бүкіл республика бойынша қалыптастыруға жол ашып, мемлекетіміздің жаңа елордасы тәуелсіз Қазақстанның басты тірегіне айналды [1; 355].

Үшінші Құрылтайды ұйымдастыру, өткізу жөніндегі құрылған республикалық комиссия құрамында сол кездегі Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, төраға — А.С. Есімов, Қауымдастықтың бірінші орынбасары — Т.А. Мамашев, Астана қаласының әкімі, төрағаның орынбасары — Ө.Е. Шөкеев және т.б. болды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 1 тамыздағы № 797 қаулысымен «Қазақтардың III Дүниежүзілік Құрылтайды дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар» жоспарына сай дайындық жұмыстары жүргізілген [2; 7].

2005 жылдың 28–30 қыркүйек күндері Елордада шақырылған Дүниежүзі қазақтарының III құрылтайына әлемнің отыз екі елінен келген өкілдер қатысты. Бүкіләлемдік қазақ құрылтайы атынан президентке келіп түскен құттықтау телеграммада бес миллион отандастарымыз Қазақстан Республикасының Президентін бүкіл әлем қазақтарының көшбасшысы санады [3]. Үшінші Құрылтай әлемдегі қазақтардың тарихи отанына оралу үдерісінің жедел жүруіне, сондай-ақ қазақ диаспорасының өзіндік болмыс-бітімін сақтап қалуына серпін жасап, үлкен мүмкіндік жасады. Құрылтайға Орталық Азиядан, Қытайдан, Ресейден, Моңғолия елдерінен үлкен делегациялар қатысты. Сонымен қатар

Түркия Республикасы және Еуропа мемлекеттерінің басым көпшілігінен біршама қонақтар келді. Жалпы алғанда құрылтайға алыс және жақын шетелде тұратын қазақ диаспора өкілдері қатысты.

Астанада өткен қазақтардың үшінші Құрылтайы қажетті шешімдер қабылданған, алдағы жылдарға арналған ауқымды бағдарлама белгілеген іскерлік құрылтайы деңгейінде өтті. Бұған айғақ дәлел біріншіден, құрылтайдың құрылымдық ұйымдастыру тұрғысынан алғанда да жинақы да жақсы өтуінде еді [4; 3]. Құрылтай барысында мәдениет, оқу-білім, бұқаралық ақпарат құралдары және көші-қон мәселелерін қарастырған төрт секциялық мәжілістер ұйымдастырылып, шет елдегі қандастарымызбен байланыс жасаудың өзекті мәселелері талқыланып, қаралды. Қазақ диаспорасы мен елге оралған қандастарымыздың мәселелері жан-жақты айтылды [5].

Жақын және алыс алыс шетелден келген қандастарымыз жаңарған Астана және қалаға көрік беріп тұрған жаңадан салынған ерекше архитектуралық ғимараттармен, нысандармен жете танысып, тамашалады. Олар Қауымдастықтың Төралқа төрағасының жұмыс орнымен және Ақордамен де танысып, қаланың ерекше әсемдігі мен сұлулығына ерекше сүйсініп, тамсанды. Түркиядан келген қандасымыз Әбдуақап Қара: «Бүгінгі күн — біз қазақ халқы үшін, әсіресе шетел қазақтары үшін тарихи маңызы зор күн. Дүниежүзі қазақтарының III Құрылтайы өтуде. Әр Құрылтайдың өзіндік мән-мағынасы болғаны рас. 1992 жылы Тұңғыш Құрылтайға қатысқанымда атамекендегісі мен шетелдегісі, бүкіл қазақ халқының тұңғыш қауышуы болып, ел тебіреніп, толқып шүйірлескен еді. Ал бүгінгі Құрылтай ел ордасы Астанада, қазақ халқының қала мәдениетінің озық үлгісін әлемге көрсетіп отырған жерінде бас қосудамыз» деген лебізін білдірді [6; 4].

Посткеңестік елдердің ішінде қандастарын тарихи отанына оралтумен жүйелі айналысып, қомақты мемлекет қаражатын жұмсап отырған және дүние жүзіндегі үш елдің біреуі — Қазақстан [2; 71]. Құрылтай мәжілісінде шетелдегі қазақ жастары үшін жоғары оқу орындарында дайындық бөлімдері мен әр оқу жылы шетелдік қазақ жастарына бөлінетін екі пайыздық мемлекеттік білім гранты және оқу, білім беру жөнінде мемлекет тарапынан берілетін көмек туралы маңызды мәселе де айтылды. Сонымен қатар жиын барысында алыс-жақын шетелде тұратын этникалық қазақтардың қолданып отырған алфавит мәселесі де тілге тиек етілді. Әлемге шашыраған қазақ әр түрлі үш алфавитті қолданады. Қытайдағы қандастарымыз — төте жазу, арабша жазу үлгісін пайдаланады. Посткеңестік елдердің бірқатарында, оның ішінде Қазақстанда және Ресейдегі жазу — кириллица. Батыс Еуропада, Түркия елінде — латын. Міне осыны бірізділікке салу, латын қаріпіне көшу туралы пікірлер айтылды. Құрылтайда қаралған маңызды мәселе — Қазақстанды латын әліпбиіне көшіру және бұл ұсынысқа көпшілік қолдау білдірді. Жиынға қатысқан жақын және алыс шетелден және республикадан қатысқан делегаттар қазақ диаспорасының қазіргі кездегі өзекті мәселелерін талдап, алда тұрған негізгі міндеттерді нақтылады. Құрылтай мәжілісінде шетелдерде қазақ диаспорасы көп шоғырланған елдерден келген өкілдері, өздерінің жағдайларымен қатар, атажұрттан қандай көмектерге мұқтаж екендіктерін жеткізді.

Қазақ диаспорасының көшіп келуге деген назарына Құрылтай ой салып, назарын аударды. Бұл жиынның алғашқы өткен екі Құрылтайдан ерекшелігі, Қазақ елінің елордасында өтуінде болды. Өзінің ерекшелігімен, сәулеттілігімен, көз тартар Астана қаласы Сарыарқаның төрінде орналасқан. Қала республикамыздағы ерекше әсем қалалардың бірегейі болып табылады. Үшінші әлем қазақтары құрылтайы аясында өткен конференцияда шетелде тұратын қазақтардың атамекенге бастаған көші және оның төңірегінде аясындағы мәселелерді шешу жолдары туралы айтылды.

Негізгі бөлім

Тәуелсіз ел ретінде даму тарихында, Қазақ елі әлемге шашыраған қазақты бір шаңыраққа жинауға ерекше мән беруде. Үшінші құрылтайда Ж. Әбдиев: «...Атажұртқа оралған бауырларымыздың арасында 45 ғылым докторы, 242 ғылым кандидаты, 24847 жоғары білімді мамандар бар. Олардың ішінде 1530-ы шығармашылық жұмыспен айналыса, 11753-і білім және 6058-і медицина салаларында, 773 адам мемлекеттік қызметте жұмыс атқаруда» деп айтты [2; 97]. Бұл көрсеткіштен ғылым мен мәдениеттің, әдебиет пен өнердің дамуына елге келген қандастарымыз да өзіндік үлестерін еселеп қосуда. Шеттегі қандастарымыз қай жерді мекендесе де, ұлттық болмысын, салт-дәстүрін, мәдениетін сақтауға, бөтен ұлттармен тату өмір сүруге деген ұмтылысы және тарихи отаны — Қазақстанмен қатынасты нығайтуы оларға тән ерекше қасиет. Қауымдастықтың шетелдегі этникалық қазақтардың көмегімен Венгриядағы қыпшақтар қоғамы, Франциядағы қазақстандықтар қауымдастығы, Моңғолиядағы Достық қоғамымен байланыс орнатуы кездейсоқтық емес. Міне, 10 жылдан бері Қазақстанның шекаралас облыстарында қауымдастықтың тоғыз бөлімшесі қызмет етіп келеді [7; 3].

Үшінші Құрылтай республикамыздың жеке мемлекет ретінде басқа мемлекеттермен терезесі тең дәрежеде дамуы және Қазақ елінің өсіп-өркендеу жолына түскен шағында тұспа-тұс келуінде болды. Соған орай, төрт секциялық мәжілістер өткізілді. Құрылтайда шетелдегі қазақ диаспорасы «Қазақстан бізге не береді деп емес, мен Қазақстанға не беремін» деп ойланатын уақыт жеткенін аңғартты. Осы үш құрылтайдың өтуі барысында шеттен келген ағайын елдің ыстық ықыласы мен сүйіспеншілігін жақсы сезінді. Дүниежүзі қазақтарының үшінші Құрылтайы өз міндетін атқарып, шетелдегі ағайындармен әртүрлі салалар бойынша байланыс жасауды жолға қоюға ықпал етті [8; 7].

Астана қаласында реттік саны бойынша өткен үшінші әлем қазақтарының Құрылтайында Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы Төралқасының төрағасы болып республика Президенті сайланды. Құрылтай мәжілісі барысында шетелдегі қандастарымыздың бүгінгі мен болашағына қатысты ең өзекті мәселелер ортаға салынып, талқыланып, Қазақ елі тарапынан жасалуға тиіс қолдау-қамқорлықтардың бәрі бір жүйеге келтіріліп, нақтыланды.

Елімізде 2011 жыл 25 мамырында Астана қаласында Дүниежүзі қазақтарының IV Құрылтайы Тәуелсіздік сарайында өтті. Құрылтай Қазақ елінің тәуелсіздігінің 20 жылдығымен қатар келді. Дүниежүзі қазақтарының IV Құрылтайына әлемнің отыз бес елінен үш жүз алпыс бес қандастарымыз және республика облыстарынан 300-ден астам өкілдер қатысты. Құрылтайға келген делегаттардың алпыс пайызы отыз жасқа дейінгі жастар болды [9; 44]. Жиынға келген делегаттар құрамында шығармашылық, ғылыми және педагогикалық, бизнес, спорт, БАҚ, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдағы зиялы қауым өкілдері болды. Жиынға келгендер арасында Чехияның экс-министрі, Чебоксарск жоғары оқу орнының доценті Гүлмира Тағайқызы Әкімова, Мәскеуден профессор Нәйля Ермұханқызы Бекмаханова, Моңғолияның білім беру, ғылым және мәдениет вице-министрі Чоной Куланда, техникалық ғылым докторлары Дәулет Мұхамеджанов және Асқар Дәулетов, Ираннан Жүсіп Шадкам және тағы басқалары қатысты. Қазақстандық делегаттар арасында ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академиктері К. Байпақов, М. Жұрынов, С. Қирабаев, Ө. Айтбай, Т. Шарманов, мемлекеттік жүлде иегерлері — Т. Молдағалиев, М. Айтхожина, А. Оразақын, А. Әшімов, Т. Әбдік, Қазақстанның халық әртісі Б. Төлегенова, «Қазақстанның Еңбек ері» Е. Рахмадиев және тағы басқалары болды [3]. Құрылтайда Қауымдастық Төралқасының төрағасы болып президент қайта сайланды. Ал Төралқа төрағасының бірінші орынбасары болып — Т. Мамашев, төрағаның орынбасары — С. Балғабаев, Еуропадан А. Кесижи, Ресейден Т. Дүйсенбаев сайланды.

Дүниежүзі қазақтарының IV Құрылтайы Қазақ елінің тәуелсіздігі мен атамекенге атбасын бұрған Ұлы көшке де жиырма жыл толуымен қатар келді. Төртінші құрылтай осындай мерейлі белеспен тұспа-тұс келіп отыр. ҚР Президенті: «Сондықтан, биылғыдай баталы жылы біздің бастамаларымыз жемісті болуға тиіс... Халқымызда: «Елдің бәрі жақсы, өз елің бәрінен жақсы», деген ұлағатты сөз бар. Сондықтан қай қиырда жүрсек те «Қазақстан» ұғымы біздің жүрегіміздің түкпірінде сақталуы тиіс. Сіздер «сүйегім атажұртымда жатса» деп тілеген аталар аманатын арқалап келіп отырсыздар. Шеттегі бауырларымыздың табанына кірген шөңге біздің жан-жүрегімізді де сыздатуы керек» деді [10; 40–41]. Құрылтайда қаралған өзекті мәселелерге қандастарымызға қолдау көрсетіп, қамқорлық жасаудың нақты жолдарын айқындап, көші-қон туралы заң жобасының қайта қаралуы мәселесі қаралды. Сонымен қатар қабылданған бағдарлама «Нұрлы көштің» екінші кезеңінің жобасын жоспарлау жұмысын, жақын-алыс шетелдерде өтетін кіші құрылтайларға «Самұрық-Қазына» Қорының қолдау көрсету және қазақ диаспорасының атамекенмен байланысына жағдай жасау, ұлттық өнерді кеңінен тарату және тағы басқа келелі мәселелер қаралып, талдау жасалды. Құрылтайда әлемдегі барша қазақ жастарының сапалы білім алуына тиісті жағдай жасалу мәселесі ортаға салынып талқыланып, жастарға көп көңіл бөлінді. Елбасы әлемнің әр қиырындағы қазақ жастарын атамекенде оқуға және қазақ еліне қызмет етуге шақыратындығы туралы айтты [5]. Төртінші құрылтайды өткізу оңайға түскен жоқ. Құрылтайдың алқалы жиынында шетелдегі қазақ диаспора өкілдері мен елге оралған қандастарымыздың ең өзекті саналатын мәселелері қарастырылды. Бұл ретте үш мәселеге айрықша көңіл бөлінді. Оның біріншісі — көші-қон мәселесі, екіншісі — оқу, білім мәселесі, үшіншісі — мәдени, рухани және бұқаралық ақпараттық құралдары мәселесі. Құрылтайда осы жоспар-бағдарлама толығымен жүзеге асты [10; 41]. Өткен жиындарда қаралмай қалған өзекті мәселелер және әр түрлі себептермен жүзеге аспаған жұмыстар Құрылтайда қайта қаралды. Құрылтайда жүзеге асқан ең басты іс шаралардың бірі Қазақстан Республикасының шетелдердегі бес миллионнан астам қазақ диаспорасымен байланыс жасау, қолдау көрсетуге арналған дөңгелек стол мәжілістері болды. Республиканың 9 министрлігінің қатысуымен 7 жерде өткен бұл бас қосуларға шетелден келген қонақтар топ-топқа бөлініп түгел қатысты. Дөңгелек столдың тақырыптары мен онда көтерілген мәселелер Құрылтай деле-

гаттарының талап тілегіне сай белгіленді. Осыған орай сол кездегі Білім және ғылым министрі Б.Жұмағұлов былай дейді: «Шетелдерден келген балаларды жоғары оқу орындарына дайындау үшін дайындық бөліміне 1400 орын бөлдiк. Жоғарғы оқу орындарына арналған 36 мың мемлекеттік грантымыз бар. Соның 2 %-ын сырттан келген қандастарға арнадық. Бұл көрсеткіш шектеліп қалмайды» [11; 174].

Дүние жүзі қазақтарының IV Құрылтайында, тәуелсіздікпен бірге атамекенге атбасын бұрған Ұлы көшке 20 жыл толды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы күрделі кезеңге қарамастан, шет елдегі қандастарымыз елге оралып, көшіміз қарқынды болды. Содан бері ұлы көш бір сәтке толастаған емес. Ат қазығын байлар атамекенге 20 жыл ішінде 300 мыңға жуық отбасы көшіп келді. Осылайша ел халқының саны 1 миллионнан астам қандасымызбен толықты [10; 140].

Ғалым Ә.Қара: «Астанада өткен екінші Құрылтай екі ерекшелігімен есте қалды. Біріншісі — ол Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығына дөп келді. Екіншісі — Елбасы Н. Назарбаевтың шетел қазақтарына жасаған қамқорлығының күшейтілгеніне баса назар аударуы еді. Әсіресе шетелдерде өткізілген кіші Құрылтайларға мән беріліп, қолдау көрсетілгені барша Түркия мен Еуропа қазақтарының көңілінен шықты... Құрылтайдан бір екі ай бұрын Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы тек атамекен емес, шетел қазақтарында елең еткізген еді», — деп айтты [12, 36–38]. Төртінші Құрылтайда алыс және жақын шетелдегі ағайындарға ерекше мән беріліп және арнайы қор құрылатындығы туралы айтылды [10; 174].

«Дөңгелек стол» алаңы форматында өткен IV құрылтайда көптеген мәселелер қаралды. Қазақ диаспорасы өкілдері тарапынан ұлттың ұлы жиынына арналған жиында алдын-ала шетелдегі қандастарымыздың өзекті мәселелері, көші-қон, оқу-ағарту, білім беру, елге оралған қандастарымызға берілетін азаматтық пен көмек туралы қамтыған 150-ге жуық сұрақтар түсті. Түскен сұрақтар аясында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Білім және ғылым министрлігі, Туризм мен спорт министрлігі, Ішкі және Сыртқы істер министрлігі, Экономикалық даму және сауда министрлігі, Байланыс және ақпарат министрліктерінде дайындықтар жұмыстары жүргізілді. «Дөңгелек стол» барысында модераторлары болған министрлер, жауапты хатшылар және вице-министрлер делегаттар тарапынан келіп түскен барлық сұрақтарға жауап беріп, тиісті мемлекеттік мекемелерге ұсыныстар жіберілді. Қазақ елінде бесінші Құрылтайға дейінгі өткен әрбір құрылтайдың өз ерекшелігі болды.

Ал 2017 жылы өткен бесінші Құрылтай да алдыңғы екі жиын сынды Астана қаласында өтті. Алыс-жақын шет елден келетін қазақ диаспора өкілдері елде 2017 жылы өтетін ЭКСПО-2017 көрмесін көруге ықыластарын білдіргендіктен Президент Әкімшілігі 2017 жылы өткізу туралы шешім қабылдады. Соған орай бес жылда бір өтетін құрылтайдың реттік саны бойынша бесіншісі 2016 жылы өту керек еді, алайда 2017 жылы елде өтетін ЭКСПО-2017 көрмесіне байланысты бір жыл кейінгі жылға алмастырылды.

Аталмыш бесінші Құрылтайға 39 шетелдерден 350 адам, барлығы 750 делегаттар мен қонақтар қатысты. Жиынға қатысқандардың басым бөлігі жастар болды. Олар ғылыми-шығармашылық және педагогикалық зиялы қауым өкілдері, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың қызметкерлері, бизнесмендер, спорт, бұқаралық ақпарат құралдары салаларының мамандар тобынан құралғандар еді.

1992 жылдан бері өткізіліп келе жатқан құрылтай дүниежүзінің әр түкпірінен жиналған қазақ диаспорасының кездесу орны болып, қандастарымызға байланысты мәселелер талқыланатын сұқбат алаңына айналды. Әлем қазақтарының делегаттары бас қосқан жиынға алыс-жақын шетелдерден келген ағайындар бір-бірімен сағыныса қауышып, жарқын жүзде дидарласты [5].

Құрылтайда көтерілген өзекті мәселелердің бірі қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру мәселесі болды. «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарлама аясында гуманитарлық бағыттағы үздік 100 оқулық қазақ тілінде шығарылатыны айтылды. Сонымен қатар әлемдегі танымал қазақтар туралы деректер топтастырылған электронды база дайындау туралы шешім қабылданды. Жиында шетелдегі қандастарға мемлекет тарапынан жан-жақты қолдау көрсету үшін жасалатын жұмыстар ортаға салынды. Шетелдегі және елге көшіп келген ағайындарды қолдау мақсатында «Отандастар» қоры құрылатындығы және Қауымдастық кеңсесін Алматыдан Астанаға көшіру туралы айтылды. Құрылатын «Отандастар» қоры мен қауымдастық бірлесіп, қандастарымызға жан-жақты көмек көрсету мақсатында жасалатын кешенді бағдарламада қазақ көшінің мәселелері, алыстағы ағайынмен жан-жақты байланыстар қамтылуы тиіс екендігі айтылды.

Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының жұмысына құрылтай мәжілісінде дұрыс баға беріліп, атқарылған жұмыстары ескерілді, оның қызмет ауқымын кеңейтуге қатысты мәселелер қаралып, қа-

жетті жұмыстар атқаруға тапсырмалар берілді. 2017 жылы өткен бесінші Құрылтайда Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қауымдастықтың төрағасы болып қайта сайланды. Ал төрағаның бірінші орынбасары болып З. Тұрысбеков сайланды [13]. 2004 жылдан Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының бірінші орынбасар қызметін атқарып келеген Талғат Мамашевтің атқарған жұмыстары мен қазақ диаспорасының өзекті мәселелеріне байланысты жүргізген жұмыстарына алғыс айтылды.

Өзінің қайнар бастауын, сонау 1992 жылдан алатын әлем қазақтарының Құрылтайлары жер шарының барлық дерлік жерінде тұратын этникалық қазақтардың іскерлік бағытта талқыланатын сұрақтар аясындағы сұхбаттасатын алаңға айналды. Құрылтай қазақ халқының мәдениетіне, тарихына және салт-дәстүрлеріне жаңаша тұрғыда қарауға, оны молайтуға мүмкіндік жасауға жол ашты. Сонымен қатар ұлттың жиынына айналған. Ол, сондай-ақ, біздің отандастарымыздың Қазақстанға өз еркімен қоныстануына үлкен жол салады. Осынау маңызды іс-шара көші-қонға жауапты мемлекеттік органдарға шетелден қоныс аударушылардың өздерінің тарихи отандарында бейімделуіне, этникалық көші-қон мәселелерін шешуге, көші-қон және білім туралы заңдарына байланысты уақыт талабын ескеруге жаңаша тұрғыдан қарауға көмектеседі.

Шетел қазақтары үшін қауымдастықтың ерекше мәнге ие екенін айтқан дұрыс. Соңғы құрылтайда оның Астанаға көшірілуі туралы шешім де қабылданды. Бұл — өте дұрыс. Өйткені мұндай маңызды мекеменің орталықта болғаны жөн. Ал Алматыдағы орынның бөлімше ретінде қызмет етуі орынды. Өйткені Алматы — Қазақстанның мәдени астанасы ретінде қазақтардың бас қосып отырған орталығы. Шетел қазақтарының ат басын тірейтін негізгі қалаларының бірі де — Алматы. Әрі бұл — тарихи орын. Ол 1992 тұңғыш құрылтай шешімдері бойынша қабылданған, кейін сол жерге қонақүйі де бар қауымдастық ғимараты салынған еді. Өркениетті елдерде мұндай орындарға айрықша мән беріп, тарихи орын ретінде сақтап отырады. «Енді қауымдастық орталығының Астанаға көшуімен жаңа кезең басталды», — деп дүниежүзі қазақтары қауымдастықтан нақты дүниелер күтеді [12; 36–38].

«Отандастар» қоры арқылы шетелден келген қазақтарды жұмыспен, баспанамен қамту, ел өміріне бейімдеу, еліміздің солтүстік облыстарға орналастырудың жүйелі жолдарын қарастыру және оны жүзеге асыру жолында жұмыстар атқару мәселесі де ортаға салынып талқыланып, қарастырылды. Бүгінде шетелдердегі қазақтармен «Отандастар» қорының қарым-қатынасы тығыз екендігін аңғаруға болады.

Қазақтар тығыз мекендеген Қытай, Өзбекстан, Ресей, Түркия, Моңғолия елдеріндегі мұражайларындағы және халық арасындағы қазақтың тарихына, мәдениетіне, әдебиеті мен өнеріне қатысты қазына-байлық барша халқымыздың игілігіне қызмет етуі мақсатында қазақ мәдени мұраларын жинау, сақтау және оны уағыздау Қауымдастық қызметінің маңызды бағыттарының бірі саналады. Қазақ ұлтының үштен бір бөлігі жақын және алыс шет елдерде мекендейді. Ұлтымыздың диаспора (ирредидент) деп аталатын осы бөлігінің тағдыры, мәдениеті, тарихы, болашағы туралы мәселе қазақ зиялылары, саясаткерлерін, ғалымдарын толғандыруға тиіс екені ешқандай дау туғызбайтыны баршаға аян [14; 49]. Елордада өткен Құрылтайларда шет елдегі қандастарымыздың бүгінгі мен болашағына байланысты өзекті мәселелер талқыланды. Қазақстан тарапынан жасалуға тиіс қолдау-қамқорлықтардың бәрін бір жүйеге түсіріп, нақтыланды.

Қорытынды

Қазақ елінде әлем қазақтарының бес Құрылтайы шақырылды. Алғашқы құрылтайда ата-бабаларымыз ғасырлар бойы аңсаған азаттыққа қол жетіп, тәуелсіз мемлекет атануы арқылы этникалық қазақ көшіне жол ашты. Реттік саны бойынша бесінші Құрылтайда тәуелсіз мемлекет әбден қалыптасып, әлемдік саясатта өзгелер санасатын салмағы және бүкіл адамзаттың бірлігі мен бейбітшілігі үшін алға қойған асқақ арманы бар ел ретінде мойындалып, рухани жаңғыру жолына түскен тұста өтті.

Шетелдегі этникалық қазақтардың атамекенге оралуы Қазақ елінде негізгі ұлт санының артуына ықпал етті. Олардың үлес салмағы өсті, яғни бүгінгі күні халықтың мәдени сабақтастығының қалпына келуіне, туған тілдің, дәстүрдің, салттың, халықтық өнердің молаюына, мемлекеттік тілдің әсіресе, солтүстік-шығыс өңірлерде таралуына септігі мол болды. Қандастарымыздың атамекенге оралуы республиканың демографиялық жағдайын ғана жақсартып қоймай, сонымен қатар елдің әлеуметтік-экономикалық және ғылым мен мәдениеттің, әдебиет пен өнердің дамуына да өзіндік үлестерін қосып келеді. Кеңестік кезеңде тарихи отанынан тыс жерде жүрген бауырларымыздың басын қосып, ұлттық мүдде, елдік бірлік төңірегінде табысу үлкен арман болғаны баршамызға аян.

Алыс-жақын шетелдегі қандастарымыз өздерінің тарихи отаны Қазақстанның егеменді ел болғандығын естігенде қуаныштарында шек болмағаны белгілі. Бір мақсат, бір мүддедегі төрткүл дүниеге шашылған қандастарымыздың атамекенде тұңғыш рет басын қосып шақырылған тұңғыш және одан кейін шақырылған Құрылтайлардың тарихи маңызы зор.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Аяған Б.Ф. Қазіргі Қазақстан тарихы / Б.Ф. Аяған, Х.М. Әбжанов, Д.А. Махат. — Астана: Мемлекет тарихы институты, 2010. — 408 б.
- 2 Дәулетов Т. Әлем қазақтары астанада бас қосты / Т. Дәулетов. — Алматы: Дүниежүзі қазақтар қауымдастығы. — 2006. — 200 б.
- 3 Еңсенев Қ.А. Дүниежүзі қазақтары бес құрылтайының өткізілу тарихы (1992-2017 жж.) [Электрондық ресурс]. / Қ.А. Еңсенев // Электрондық ғылыми журнал «edu.e-history.kz». — 2018. — № 2 (14). — Қолжетімділік тәртібі: <https://edu.e-history.kz/kz/publications/view/906>.
- 4 Сарбалыұлы Б.С. Бес құрлық қазақтары бас қосты / Б.С. Сарбалыұлы // Егемен Қазақстан. — 2005. — № 39. — Б. 4–5.
- 5 Қозғамбаева Г.Б. Дүниежүзі қазақтарының басын қосқан тұңғыш құрылтайдың шақырылуының тарихи маңызы [Электрондық ресурс]. / Г.Б. Қозғамбаева // Электрондық ғылыми журнал «edu.e-history.kz». — 2017. — № 3(11). — Қолжетімділік тәртібі: <https://edu.e-history.kz/ru/publications/view/736>.
- 6 Қара Ә. Кеше, бүгін және ертең / Ә. Қара // Қазақ елі. — 2005. — № 12. — Б. 4–5.
- 7 Төлебаев Б. Тонның ішкі бауындай / Б. Төлебаев // Ана тілі. — 2016. — № 11(1311). — Б. 3.
- 8 Мамашев Т. Алаштың алтын қоры шетелде / Т. Мамашев // Егемен Қазақстан. — 2012. — № 74(89) — Б. 7–8.
- 9 Қозғамбаева Г.Б. Қазақ диаспорасына байланысты Дүниежүзі қазақтары құрылтайларында шешімін тапқан мәселелер / Г.Б. Қозғамбаева // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. — 2016. — № 4(51). — Б. 42–47.
- 10 Уатқан Б. Ұлттың ұлы жиыны. Деректер жинағы / Б. Уатқан. — Алматы. Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы «Атажұрт» баспа орталығы, — 2012. — 408 б.
- 11 Салимгереева Ш.А. Дүниежүзі қазақтарының IV Құрылтайы / Ш.А. Салимгереева // Қазақстан тарихы: инновациялық тұжырымдамалар мен дәуірлеу ғылыми танымның басым бағыты. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. — Алматы. — 2013. — Б. 170–174.
- 12 Қара Ә. Бес Құрылтай — бес белес / Ә. Қара // Туған тіл. — 2017. — № 145. — Б. 36–42.
- 13 Бакытбек Қ. Атажұртқа келген қазақ артта қалған ағайынға алтын көпір [Электрондық ресурс]. / Қ. Бакытбек. — Қолжетімділік тәртібі: <https://turkystan.kz/article/101098-atazh-rt-a-kelgen-aza-artta-al-an-a-ajyn>.
- 14 Қалбаев Т. Өзбекстандағы қазақ мәдени орталығы — Ташкент / Т. Қалбаев // Алтын бесік. — 2017. — № 5. — Б.48–50.

Г.Б. Козгамбаева

Историческое значение проведенного Всемирного курултая казахов в столице Третий, четвертый и пятый Курултай

Пять Всемирных курултаяев казахов, приглашенных в Атамекен, имеют особое место для казахского народа, так как наша страна не может без казахов процветать и в будущем шагать вперед. Каждое из созданных в Казахстане курултаяев является уникальным по историческому значению. В статье проанализированы проблемы, связанные с казахской диаспорой на трех (III, IV, V) Всемирных казахских курултаях, прошедших в столице независимого Казахстана — Астане. На курултаях, ставших великим собранием нации, присутствовали представители казахской диаспоры, проживающие более чем в сорока странах мира, обсуждались многие актуальные вопросы, связанные с нашими соотечественниками. Курултай казахов мира, который берет свое начало с 1992 г., стал площадкой для делового общения этнических казахов, проживающих в разных уголках Земного шара. Курултай дал возможность по-новому взглянуть на культуру, историю и традиции казахского народа, позволил приумножить их. Он также проложил большой путь к добровольному переселению наших соотечественников в Казахстан. Всемирная ассоциация казахов, созданная решением Первого учредительного собрания, проделала колоссальную работу по связям с казахской диаспорой в культурной, духовной сфере. В статье был проведен анализ проблем, связанных с казахской диаспорой, и проделанной работы, относительно возвращения на Родину. На трех курултаях, состоявшихся в Астане, были представлены обширные сведения о казахской диаспоре и проводимой государством работе, связанной с возвращением соотечественников на историческую родину. На конференции, прошедшей в рамках третьего Всемирного курултая казахов, были озвучены пути решения проблем и миграции казахов, проживающих за рубежом. Также проведен анализ специфики трех собраний, прошедших в столице после первого и второго Курултаяев. На основании постановлений, резолюций, принятых на заседаниях

Курултая, были освещены деятельность и мероприятия, связанные с вопросами ее реализации в отношении наших соотечественников, находящихся за рубежом.

Ключевые слова: казахская диаспора, курултай, Всемирная ассоциация казахов, миграция, соотечественники.

G.B. Kozgambayeva

The historical significance of the World Kurultai of Kazakhs held in the capital (Third, fourth and fifth Kurultai)

Five kurultai of the World Kazakhs, invited to their Homeland, have a special place for the Kazakh people since our country cannot prosper without Kazakhs and move forward in the future. Each of the kurultai convened in the Kazakh country is unique in its historical significance. The article analyzes the problems associated with the Kazakh diaspora at three (III, IV, V) World Kazakh Kurultai held in the capital of independent Kazakhstan — Astana. The kurultai, which became a great gathering of the nation, was attended by representatives of the Kazakh diaspora living in more than forty countries of the world, many topical issues related to our compatriots were discussed. Kurultai of the Kazakhs of the world, which dates back to 1992, has become a platform for business communication between ethnic Kazakhs living in different parts of the world. Kurultai gave an opportunity to take a fresh look at the culture, history and traditions of the Kazakh people, to increase it. He also paved the way for the voluntary resettlement of our compatriots in Kazakhstan. The World Association of Kazakhs, created by the decision of the first Kurultai, convened thirty years ago, helped all Kazakhs to unite. He did a lot of work on relations with the Kazakh diaspora in the cultural and spiritual sphere. The article analyzed the problems associated with the Kazakh diaspora, and the work done related to the return to their homeland, at kurultais that took place in Astana, uniting the Kazakh diaspora. At three kurultais held in the capital, extensive information was presented about the Kazakh diaspora and the work carried out by the state related to the return of compatriots. At the conference, which was held as part of the third kurultai of the World Kazakhs, ways to solve the problems and migration of Kazakhs living abroad to their homeland were announced. Also, an analysis was made of the specifics of the three camps that took place in the capital after the first and second kurultais. Based on resolutions adopted at the meeting of the Kurultai, the ongoing work and activities related to the Kazakh diaspora abroad, and issues of its implementation were covered.

Keywords: Kazakh diaspora, Kurultai, World Association of Kazakhs, migration, compatriots.

References

- 1 Aiagan, B.G., Abzhanov, Kh.M., & Makhat, D.A. (2010). Qazirgi Qazaqstan tarikhly [Modern history of Kazakhstan]. Astana: Memleket tarikhly instituty [in Kazakh].
- 2 Dauletov, T. (2016). Alem qazaqtary astanada bas qosty [Kazakhs of the world gathered in Astana]. Almaty: Duniezhuzi qazaqtar qauymdastygy [in Kazakh].
- 3 Ensenov, Q.A. (2018). Duniezhuzi qazaqtary bes quryltaiynyn otkizilu tarikhi (1992-2017 gg.) [History of the world kurultai of Kazakhs (1992-2017)]. edu.e-history.kz. 2 (14). Retrieved from <https://edu.e-history.kz/kz/publications/view/906> [in Kazakh].
- 4 Sarbalyuly, B.S. (2005). Bes qurlyq qazaqtary bas qosty [Kazakhs of five continents gathered]. Egemen Qazaqstan — Independent Kazakhstan, 39, 3–5 [in Kazakh].
- 5 Kozgambaeva, G.B. (2017). Duniezhuzi qazaqtarynyn basyn qosqan tungysh quryltaidyn shaqyryluynyn tarikhi manyzy [Historical significance of the first kurultai convocation, which brought together Kazakhs from all over the world]. edu.e-history.kz, 3 (11). Retrieved from <https://edu.e-history.kz/ru/publications/view/736> [in Kazakh].
- 6 Qara, A. (2005). Keshe, bugin zhane erten [Yesterday, today and tomorrow]. Qazaq eli — Kazakh country, 12, 4–5 [in Kazakh].
- 7 Tolebaev, B. (2016). Tonyn ishki bauyndai [To be friendly]. Ana tili — Native language, 11(1311), 3 [in Kazakh].
- 8 Mamashev, T. (2012). Alashtyn altyn qory shetelde [Alash's gold fund abroad]. Egemen Qazaqstan — Independent Kazakhstan, 74(89), 7–8 [in Kazakh].
- 9 Qozgambaeva, G.B. (2016). Qazaq diasporasyna bailanysty Duniezhuzi qazaqtary quryltailarynda sheshimin tapqan maseleler [Problems solved at the world kurultai of Kazakhs related to the Kazakh diaspora]. Abai atyndagy Qazaq Ul'tyq Universitetinin khabarshysy — Bulletin of the Abai Kazakh National Pedagogical University, 4(51), 42–47 [in Kazakh].
- 10 Uatqan, B. (2012). Ul'tyn uly zhiyny. Dereker zhinagy [The great gathering of the nation. Data collection]. Almaty Duniezhuzi qazaqtar qauymdastygy "Atazhurt" baspa ortalygy [in Kazakh].
- 11 Salimgereeva, Sh.A. (2013). Duniezhuzi qazaqtarynyn IV Quryltaiy [IV World Kurultai of Kazakhs]. Proceedings from History of Kazakhstan: innovative concepts and epochal trends in scientific knowledge: Khalyqaralyq gylymi-tazhiribelik konferentsiia materialdary — International Scientific and Practical Conference. (pp. 170-174). Almaty [in Kazakh].
- 12 Qara, A. (2017). Bes Quryltai — bes beles [Five kurultai are Five peaks]. Tugan til — Native language, 145, 36–42 [in Kazakh].

13 Baqytbek, Q. (2020). Atazhurtqa kelgen qazaq artta qalghan agaiynga altyn kopir [Kazakh who has come to his homeland is a golden bridge to a backward brother]. Retrieved from <https://turkystan.kz/article/101098-atazh-rt-a-kelgen-aza-artta-al-an-a-ajyn-a-altyn-k-pir/> [in Kazakh].

14 Qalbaev, T. (2017). Ozbekstandagy qazaq madeni ortaligy — Tashkent [Kazakh Cultural Center in Uzbekistan is Tashkent]. Altyn besik — Golden cradle, 5, 48–50 [in Kazakh].

Buketov University